

ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ТАРИХИ МӘДЕНИЕТ

Сағнайқызы С.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Садырова А.Т.

Каспий қоғамдық университеті
Докторант

Әрбір дәуір қоғамның өмір сүру жағдайларының өзгеруіне байланысты адамның табиғаты мен мүмкіндіктерін, оның сыртқы әлеммен қарым-қатынасын, әлеуметтік өзара әрекеттестіктің түрлері мен мазмұнын, табиғатын өзгертетіні сөзсіз. Тіпті мәдениет пен интеллектуалдық тәжірибенің жаңа үлгілері пайда болады. Бұл үрдіс ғылым саласын, соның ішінді гуманитарлық ғылымдар жүйесін де қамтиды. Соңғы онжылдықтарда орын алған әлемдік саясат пен экономикадағы түбегейлі өзгерістер заманауи әлеуметтік-мәдени кеңістікті өзгертті. Жаһандану, ең алдымен, экономикалық салаға қатысты болғанымен, іс жүзінде әлемдік даму үрдісінің динамикасын анықтайды. Соңғы онжылдықтарда орын алған әлемдік саясат пен экономикадағы өзгерістер заманауи әлеуметтік-мәдени кеңістікті өзгертті. Бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялық технологияларды дамыту жаһандану дәуірінде халықаралық келіспеушіліктердің туындауына, түрлі ақпараттық қылмыстардың пайда болуына әкеліп отыр. Аландатарлық жаһандық мәселелерінің бірі - қоршаған ортада өзгере бастады және бұл қауіп әлем ғалымдарын ойландыруда. Экологиялық ахуалдан шығу жолын зерттеуде экологиялық тарихтың рөлі өсті [1].

Жаһанданудың интеллектуалды да зардаптары бар екені белгілі. Аталмыш зардаптар гуманитарлық ғылымдар желісінде, әсіресе, тарих ғылымын зерттеу барысында көрініс табады. Мысалы, әлемдік миграция мәселесінің тарихи зерттелуі контекстіндегі ұлттық сана мәселесі. Сондықтан да бұл мәселе қазіргі таңда халықаралық деңгейдегі тарихи әс-шаралардың негізгі тақырыптарының бірі болып отыр.

Жаһандану дәуірінде әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдардың құрылымы, мазмұны, әдістемесіне өзгерістер енді. Дүниежүзі тарихында мәдени қайта құрулар орын алды. Атап айтқанда, тарихты жасаушы жеке тұлғаның рөлі алға шықты, тарих зерттеулерде мәдениеттер сұхбатына, мәдени құндылықтарға мән берілді. Микротарихи зерттеулердің өсуіне соңғы жарты мыңжылдықтағы жаһандық өзара байланыстардың дамуы үлкен әсер етті. Осыдан келіп экологиялық, эпидемиологиялық, демографиялық, мәдени және интеллектуалдық салдарларды зерттеуге бағытталған жаһандық

тарихтың макро перспективасына қызығушылық артты. Шын мәнінде соңғы екі онжылдықта біртұтастық идеясына негізделген жаңа ғылыми пән – дүниежүзілік тарихи үрдіс аясында - жаһандық тарих қалыптасты [2].

Жаһандану ахуалдарын тарих ғылымы аясында зерттеу барысында түрлі халықаралық білім беру, ғылыми бағдарламалардың пайда болуына әкелді. Атап айтқанда кембридждік «Тарихи келешектегі жаһандану» бағдарламасы әлемдік тарихтан «жаһандану идеялары мен жаһандық байланыстар» контекстінде қарайды. «Дүниежүзі тарихы», «Европа тарихы» түсініктері қайтадан қаралды, өйткені жаһандану дәуірінде Еуропаның келбеті өзгеруде, Еуропаға деген әлемнің көзқарасы өзгеруде [3].

Қазіргі таңда тарих ғылымының алдында шешуін күтіп тұрған ахуалдар аз емес. Алғашқысы, тарих ғылымындағы евроцентристік көзқарастан бас тарту, тарих ғылымын жер бетіндегі адамзат баласының біртұтас тарихы ретінде зерттеу, сонымен бірге адамзат тарихының тұтастығы мен өзара байланысы туралы түсінік бере алатын ғылыми үрдіс ретінде қабылдау міндеттері тұр. Яғни, тарихшы мәдениеттер сұхбаты аясында адамзаттың өткен тарихы мен бүгінгі тарихын зерттеуде жаңа, жаһандық концепцияны қолдану заман талабы.

Жаһандану коммуникациялық үрдістермен тығыз байланысты, яғни дүниеге келген жаңа тарихи идеяларды тасымалдау үрдісі алға шықты. Соның нәтижесінде жаһандану дәуірінде идеялар тарихының орны мен міндеттері туралы қызу пікірталастар өрбіді. Тарих ғылымының тек теориялық негізін емес, сонымен бірге құндылықтар жүйесін қайта қарау алдыңғы кезекке шықты. Тіпті, тарихшы ғалымдар қоғамдағы құндылықтар жүйесін қайта қарауға мәжбүр болды [4].

Тарихи сана адамзат баласына тән ұстаным. Жаһандану дәуірінде тарихи сананы, тарихты ұмытып, өткенмен байланысы жоқ «жаңа тарих» жазу керек деген ұсыныстар да айтылады. Адамзат баласының өткен тәжірибесі мен ұлттық идентификацияны жоққа шығаруға болмайтыны сөзсіз. Сондықтан аталмыш мәселелерді ескере отырып, жаһандану дәуірінің тарихына бет бұрған жөн. Тағы бір мәселе, тарих ғылымының қазіргі таңда негізгі функцияларына өзгерістердің енуінде. Тарихтың идентификациялық, тәрбиелік және танымдық функцияларын web кеңістікте кәсіби маман емес «тарихшылар» бұрмалайды. Түрлі альтернативті тарих, альтернативті онлайн курстар, тіпті, тарихи ойын-сауық бағдарламалары интернет кеңістігіне шығады. Сондықтан да жаһандану кеңістігін жалған тарихтан тазарту да кәсіби тарихшылар алдындағы негізгі міндеттердің бірі десек қателеспейміз.

Осы бағытта қоғамдық тарихтың алатын орны зор. Көптеген шетел мемлекеттерінде өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап қоғамдық тарих институттарын құру кеңінен жүзеге асырылды. Атап айтқанда, арнайы оқу бағдарламалары, қоғамдық тарих үрдісі аясында түрлі орталықтар, институттар, кеңестер, телекоммуникация орталықтары т.б. құрылды. Өкінішке орай, Қазақстан республикасында аталмыш орындар жоқтың қасы. Халық арасында тараған «жалған тарих» мәселесіне қарсы тұратын

жоғарғыдай институттардың біздің елімізде әлсіз жұмыс жасауы ұлттың тарихи санасын көтеруге кері әсерін тигізіп отыр.

Жаһандану дәуіріндегі тарихи мәдениеттің келесі бағыты – тарих ғылымының әлеуметтік-тәрбиелік функциясы мәселесі. Халықтың кітапханалар, мұрағаттар мен музейлерге бару қарқыны жаһандану дәуірінде саябырлайтыны белгілі [5. Австралия мемлекетінде «Австриялықтар- бүгінгі мен өткені» тақырыбында тарихшылар әлеуметтік жоба жасады. Сауалнама, сұхбат әдістері аясында жобаға халық барынша тартылды. Жобаның нәтижесі керемет болғаны мемлекет деңгейінде айтылды. Жоба барысында халық мемлекетінің өткен тарихы мен болашақта күтілетін тарихи үрдістермен танысып, өздерінің ой-пікірлерінің жоба арқылы тарихи айналымға енгеніне, алғыстарын білдірді.

Шетел мемлекеттерінде «тарихи аңызды» саханалау жобалары да кеңінен таралған [6]. Аңызға негізделген фильмдер, мультфильмдердің тәрбиелік мәні зор. Тіпті, ұлтаралық қақтығыстарды да жоюда аталмыш бағыттың атқаратын маңызы баршылық. Сонымен қатар ұлттық сананы жоғарлатып, ұлттық идентификация мәселесін балалық шақтан қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағытта біздің елімізде тарихи тұлғалар аттарын көшелерге, мекемелер мен елді мекендерге беріп, ескерткіштер қойып, тарихи тұлғалар есімі тарихи жадымызда мәңгілік сақталуын мемлекетіміз міндеттеп отыр.

Қазіргі таңда көптеген тарихи мәселелерді шешуде тек тарихшы ғалымдар емес, сонымен бірге басқа да гуманитарлық ғылымдар, тіпті, жаратылыстану бағытындағы ғалымдардың қатысуымен шешілуде. Бұл мәселелерді дүниежүзілік тарихнаманың тәжірибелерінсіз талқылаудың да, шешудің де теориялық негіздерін, әдіснамалық аспектілерін таңдау мүмкін емес. Егжей-тегжейлі сыни көзқарас негізіндегі зерттеу қоғамдық тарихтың мазмұнын ғана емес, сонымен бірге ғылыми және танымал білімнің арақатынасының бүкіл құрылымын, формалар мен әдістер жүйесін қажет етеді.

Адамдар өз тарихын өздері жасайды. Тарихтың жасалуы барысында өзгерістер де енгізе алады. Бұл үрдіс күнделікті өмірде жүзеге асады. Адамзат баласы түрлі революциялар жасайды, өз өмірін жақсарту барысында экономикалық, саяси, мәдени реформалар дүниеге әкеледі. Яғни тарихи үрдіс объективті, шексіз және аяқталмайды. Керісінше болжау болған жайтта мемлекет билеушілері таптарының бейбітшілікке деген саяси ерік-жігері қажет. Олар тек өздерінің эгоисттік мүддесі емес, бүкіл адамзат баласының мүддесін қорғап, ортақ үйіміздегі бейбіт қарым-қатынасты сақтап, жалғастыру керек. Жаһандану дәуіріндегі адамзаттың қалауы осы мақсат.

Қорыта келе, жаһандану дәуірінде ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді әлемге жариялауда тарих ғылымының атқаратын рөлі зор демекпіз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Fay B. Environmental History: Nature at Work // History and Theory. – 2003. – V. 42, No 4. – P. 1–4.

2. Torstendahl R. The Rise and Propagation of Historical Professionalism. – N. Y.: Routledge, 2015. – 258 p.
3. Giddens A. Europe in the Global Age. – Cambridge: Polity Press, 2007. – 246 p.
4. Про А. Двенадцать уроков по истории. – М.: РГГУ, 2000. – 334 с.
5. History and the Media / Ed. by D. Cannadine. – London: Palgrave Macmillan, 2004. – 175 p
6. Репина Л.П. Память и знание о прошлом в структуре идентичности // Диалог со временем. – 2007. – Спец. вып. 21: Исторические мифы и этнонациональная идентичность. – С. 5–21.).

ПОНЯТИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ ОБЩНОСТИ В ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКЕ: КОНЦЕПТУАЛЬНЫЙ АСПЕКТ

Хлебников И.Д.

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова
Ст. преподаватель

Уникальность казахстанского общества заключается в исторически обусловленной полиэтничности и поликультурности, изначально сформировавшихся в условиях нахождения Казахстана в составе Российской империи и в особенности Советского Союза. История формирования социокультурной общности Казахстана в период независимости, анализ его современного состояния и тенденций развития в будущем в условиях глобализирующегося мира представляет значительный интерес в плане развития современного отечественного исторического знания.

В этой связи необходимо определиться с терминологическими и методологическими аспектами, связанными с использованием понятия социокультурной общности и его анализа в мировой и постсоветской исторической традиции, которые имеют принципиально важные различия. Для мировой науки характерно разделение подходов к данному феномену на основе отнесения к классической и неклассической парадигмам, сложившимся первоначально в русле историко-философского и социологического направлений.

Классический подход к анализу социокультурных общностей строился преимущественно на естественнонаучной философско-методологической основе, окончательно сформировавшейся ко второй половине XIX века в работах таких авторов, как О. Конт, Г. Спенсер, Э. Дюркгейм [1; 2. P.27-57, P.101-136] и др. Согласно классической парадигме, социокультурная общность рассматривается по аналогии с объектами физического мира, причем объект познания и представление о нем, формирующееся в процессе анализа, фактически отождествляются. Это понимание исторически сложилось под воздействием органицистских идей, для которых характерна аналогия между обществом и биологическим организмом. В рамках классического идеала научного знания автономность, самовоспроизводство, функциональная структурированность и целостность социальных организмов